

**Өмірбекова А.Ө.**

философия ғылымдарының кандидаты  
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті  
философия және саясаттану факультеті  
дінтану және мәдениеттану кафедрасының доценті

**А.Х. Қасымжанов: дала өркениеті және ұлттық өзіндік сана мәселесі**

В статье рассматривается проблема степной цивилизации в творчестве профессора А.Х. Касымжанова. С древнейших времен обширная казахская земля была культурной колыбелью и духовным остовом всего евразийского пространства. Степная цивилизация оставила глубокий след в истории человечества. Были созданы оптимальные механизмы приспособления к климату горной и степной местности Евразии, придуманы эффективные формы ведения хозяйства, применяемые человечеством в последние тысячелетия. Великая степная цивилизация, не уступающая никому по своему историческому значению, ждет дальнейшего обстоятельного исследования.

The article considers the problem of the steppe civilization in the works of Professor A. H. Kasimdzhanov. Since ancient times, the vast Kazakh land was cultural cradle and spiritual backbone of the entire Eurasian space. Steppe civilization has left a deep mark in the history of mankind. Were created optimal mechanisms for adaptation to climate mountain and steppe areas of Eurasia, invented effective forms of management used by mankind in the last Millennium. The great steppe civilization, not inferior to anyone for its historical significance awaits further study.

Қазақ халқы тәуелсіздік туын желбіретіп, егемендіктің ерекшелігін түсінгеннен кейінгі қадамы ұлттың өзін-өзі айқындауы болуы керек. Ұлттардың өзін-өзі анықтау мәселесі халықаралық құқықтың негізгі ұстанымдарының бірі болып табылады. Тәуелсіз мемлекет құру үшін ең алдымен ұлттың өзін-өзі айқындауы жүзеге асуы тиіс [1, 58 б.]. Әлі де өркениетті елдер өресінен орын теппегенімізбен, экономикалық өсу жолы айқын байқалатын мемлекеттер межесіне жеткеніміздің өзі айтарлықтай жетістік. Адам өзінің табиғи қажеттіліктерін әбден немесе жеткілікті дәрежеде қанағаттандырған соң, рухани дүние, жан мәселесі алдыңғы қатарға шығары белгілі. Сондықтан да ұлттығымызды сақтап, тәуелсіздігімізді баянды етіп, қазақтығымызды асқақтату үшін халықтың өзін-өзі анықтауы шарт. Ұлттың осы уақытта өзін-өзі анықтауындағы негізгі табан тірер тірегі рухани мұра, яғни ұлтқа тән дүниетанымдық танымдар болмақ. Ұлт турасындағы, қазақ халқының жеке басына тән көптеген сұрақтар жауапсыз қалып, «жабық қазан жабулы күйінде» қала беретін кездер де, өкінішке орай, кездесуін әлі де тоқтатар емес. Мемлекет тарапынан, үкімет жағынан лайықты дәрежеде қолдау таппағанымен де, зиялы қауым өкілдері көк байрақ желбірегеннен бастап-ақ мықты мемлекеттің тірегі ұлт екендігін бірден назарға алған еді. Нарық қоғамы, сөзсіз, баршаны бағындырар өз ережелерін, өз өмір тәртібін орнатады. Бірақ қаншама қаржылық қарым-қатынастар болуы керек, дегенмен де адам қашан да өзге тек табиғи қажеттіліктерін ғана қанағаттандырушы тіршілік иелерінен ерекшеленуі тиіс, сондықтан да рухани дүние мұрасы негізгі мәселе ретінде алға шығады. Осыған байланысты зиялы қауым өкілдерінің ерен еңбектері еш кетпек емес.

Н.Н. Крадин еуразиялық дала көшпелілерін «атты көшпелілер» деп атаса, белгілі қазақ мәдениетін зерттеуші ғалым Сәбетқазы Ақатай Еуразия кеңістігінде «атты көшпелілердің» пайда болуы бұрынғы бір қалыпты қозғалыстағы дала өміріне жаңа серпін берді деген ойға келеді [2, 8 б.]. Көшпелі мәдениеттің терең тамырлары қазақ халқының ежелгі, «қазақ» деген этнонимге жетпей тұрған кезеңінен басталады. Ерте замандағы түркі тайпаларының негізінде қаланған халық болғандықтан, олардың мәдени мұрасы, құндылықтары қазақ халқының еншісіне заңды түрде тиіп отыр [3, 5-9 бб.].

К. Ясперс «Ұлы мәдениеттердің» ошағы болған мемлекеттер Қытай, Үндістан, Батыс көшпелілерден жылқыны пайдалануды мұра етіп алған. Көшпелілер жылқының көмегімен ұлы мәдениет ошақтарын жаулап алып қана қоймай, ұшы-қиыры жоқ кеңістіктегі мәдениеттің дәмін татты, оларды өз көздерімен көрді. Сонымен қатар жылқы малының арқасында бұрынғы әскери техника жаңа сипатқа ие болды [4]. Поляк ғалымы Адольф Янушкевич «Қазақ даласынан жазылған хаттар» атты еңбегінде қазақ халқының мәдениеті мен өнеріне тәнті бола отырып, оның жарқын болашағы туралы былай тебіренеді: «Тәңірім осыншама қабілет дарытқан халық өркениетке жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы қазақ даласында аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады. Сор маңдай құл-құтандарды менсінбейтін Үндістан касталары секілді өзіне жоғарыдан қарайтын халықтар арасынан бұл көшпелілердің де құрметті орын алатын кезі келді». Қазақ халқының тарихи дүниесі әлі де толық түгенделе қойған жоқ. Өртүрлі жағдайларға байланысты ат тұяғы талар, шырайлы да шұрайлы аймақтың өткен тарихы, жүріп өткен жарқын жолы бұрмаланғаны баршаға белгілі. Енді-енді ғана өзімізге тиесіліні тайсалмай меншіктеу мүмкіндігіне ие болып отырмыз. Алайда атқарылар істер өте көп. Олқылықтарды қалпына келтіру – жеке назарды қажет ететін мәселе. Жабайылық пен тұрпайылық ретінде көп уақытқа дейін көпшілікке танытылып келген көшпелі өмір салты, адамзаттың ілгерілеу көшінде айтарлықтай маңызы бар екендігін бүгінгі күннің зерттеу нәтижелері көрсетіп отыр. «Дала өркениеті» деген атау біршама уақыттан бері төл мәдениетте және ғылымда қолданылып жүрген маңызды ұғымдардың қатарында. Сонау ықылым заманнан бері ғұмыр кешіп, күні ұзақ, жыл бойы, барша тұрмыс-тіршілігі барысында алаң ашық даланы мекен еткен қазақ ұрпақтары үшін дала өркениетіне қатысты мәселелер өте маңызды. А.Х. Қасымжанов қазақстандық мәдениеттанудың қалыптасуында аса жоғары рөл атқарған дала өркениеті ұғымын ғылыми қолданысқа енгізген» [5, 19 б.].

Жалпы дала өркениеті дегеніміз не? Дала өркениеті туралы әлі күнге дейін қанша қуана қабылдасақ та кейде өз ішімізде де, өзге тараптан да күмән келтіріліп, сансыз сұрақтар туындатып жататын кездер де кездесетіні ешкімге жасырын жайт емес. Сондықтан да бүгінгі таңда ғылымда бар көзқарастарды келтіре кеткен жөн болар. Көшпелі халықтың тарихын, мәдениетін зерттеуші ғалым Л.Н. Гумилев көшпенділерді дүниежүзілік өркениетке қомақты үлес қосты деп есептейді. Оның ойларына назар аударсақ: «Көшпелі қоғамда техникалық ілгерілеу болмады деу мүмкін емес. Ең бірінші киімді жетілдіру,

шалбар – сонау ықылым заманда жүзеге асқан. Көшпелілер қылыш, 700 метр қашықтыққа дейін ататын садақ ойлап тапқан. Дөңгелек киіз үй сол кездің өзінде ең тиімді тұрғын үй болып есептелген» [6, 86 б.]. Осы мәселе туралы өз еңбектерінде бірқатар ғалымдар айтып өтеді. Жалпы алғанда, дала өркениеті, ұлттық өзіндік сана, халықтың өзін-өзі айқындауы мәселелері бірімен-бірі тығыз байланысты, қазақ халқы үшін өте маңызы жоғары рухани дүниелер болып табылады. Л.Н. Гумилевтің ғылыми шығармашылығын зерттеуші Т.В. Сережкина өзінің «Л.Н. Гумилевтің мәдениеттанулық концепциясы» атты кандидаттық диссертациясында, Л.Н. Гумилев түрік көшпелі тайпалары мәдениетінің даму мәселесін қарастыру барысында, көшпелілер мәдениетінің ерекшелігі мен өзіндігін дәлелдей алатындығына негізгі назар аударатындығы, қоғамның көшпелі типін шаруашылық және мәдени тұрғыдан аса күштілердің қатарына жатқызатындығы туралы айтады [7, 20 б.].

Заңғар жазушы М. Әуезов айтқандай: «Әлем мәдениетінің бейнесі көшпелілердің эстетикалық және этикалық тәжірибесін ескермей толық әрі дұрыс бола алмайды». Сол себепті қазақ халқының ғасырлар қойнауынан нәр алып, қадірлеп, сақтап, дамыта білген дәстүр сабақтастығын жүзеге асырып, сақтауымыз қажет [3, 35 б.].

Профессор А.Х. Қасымжанов өзінің «Кошо Цайдам ескерткіштері» еңбегінде «Дала өркениеті» тарауында осы мәселеге қатысты түсінік бере кетеді. А.Х. Қасымжановтың пайымдауынша, «дала» және «өркениет» ұғымдары түсінікті, ал енді екеуін қосу арқылы географиялық түсінікті мәдени-тарихи мазмұнмен толтырамыз. Адам бұл кеңістікте пайда болғаннан бастап нақты технологияны дамытып, өмір салтын қалыптастырды және өзгертті, әрекет ету стереотипін жасап, белгілі дүниетанымды ұстанды. Сондай-ақ осындай өркениет, әлемдік өркениеттің бір тармағы – көшпелі өркениет ретінде сайын дала төсінде туындады.

А.Х. Қасымжанов қазақ ұлтының арғы тегі болып саналатын көшпелілер мәдениетін ерекше мәдени феномен дәрежесіне сай деп есептеп, осы мәселе төңірегінде зор еңбек етті. А.Х. Қасымжанов қызметінің қазақ ғылымы үшін аса құнды болып табылатындығын дәлелдей түсу мақсатында көшпелілер өркениеті мәселесін жан-жақты зерттеумен айналысып жүрген мәдениеттанушы ғалым Т.Х. Ғабитовтың көшпелі және отырықшы өркениеттерді салыстыруын келтіре кетуге болады. «Біріншіден, көшпелілер мен отырықшы халықтардың арасында бітпейтін антогонизм бар деу жаңсақ ой. Мысалы, Орталық Азияда осы екі тіршілік тәсілдерінің арасында тығыз байланыс, тауарлар айырбасы, мәдениеттік сабақтастық болған. Қандай этносты алып қарасақ та, мүлдем оқшау көшпелілердің болмағанын байқаймыз. Айталық, олар сырт жауларынан тек өздерін ғана емес, сонымен бірге өздерімен туысқан қалалықтар мен диқандарды да қорғап отырған.

Екіншіден, көшпелілерде материалдық және рухани мәдениет төмен деңгейде деу үстірт қараушылық. Мәселе, көшпелілер қолданған тұрмыстық заттардың (тері, сүйек, ағаш, киіз, т.б.) ұзақ сақталғандығымен байланысты. Ал осы заттардан сегіз қырлы, бір сырлы шеберлер адамдарды әлі күнге дейін таңқалдыратын тамаша туындылар жасаған. Өнерпаз шеберлердің жан

дүниесінен өзіндік ерекшелікпен өріліп шыққан өнер туындысы адам жанын рухани байытып, талғам тынысын, көңіл көкжиегін кеңейтеді. Көшпелілер қиратушы күш емес, керісінше олардың мәдениетінде экологиялық мазмұн бар» [8, 52-53 бб.].

Көшпелі халықтың озық жетістіктерінің тағы да бір дәлелін мына зерттеулерден де көреміз, даланы мекендегендер тек еңбек құралдарын ғана емес, қару-жарақтар: қылыш, садақ, т.б., сондай-ақ ат үстінде жүріп қолдануға қолайлы құрал-жабдықтар жасады. Белгілі ғалым Мурад Аджидің «Қасиетті Георгий құпиясы» атты еңбегіндегі: «Әрине, IV ғасырда пайда болған далалықтар туралы әрқилы нәрсе жазылды, қағаз шыдайды, бірақ еуропалықтар әлі де қола қылышпен соғысып жүргенде олардың қаруы темір болғандығы туралы айтылмайды, басқаша айтқанда, темір Дала төсінде күнделікті металл болса, Еуропада ол сирек кездесетін», – деген пайымдары осы ойымызды сабақтайды [8, 21 б.].

А.Х. Қасымжанов: «Әлемдік өркениет құбылысы «Ұлы Дала» феноменінің пайда болуына әсер еткен жайттардың бірі – жылқының қолға үйретілуі» дейді ғалым. Жылқы тек жүріп-тұруға және жүк тасуға арналған көлік қана емес, сол уақыттағы жауынгердің серіктесі. Сонымен қатар ол сапалы да пайдалы азық берер жануар. Жылқы қажеттілігінің артуы оның белгілі түрлерінің шығарылуына және өсірілуіне негіз болып, сол арқылы мал шаруашылығы дамыды. Жылқы малы тек тұрмыстық емес, рухани бағытта көшпелі қауымға нық сенім ұялатар жағдай болды. Бүгінгі таңда ұлт мәселесімен айналысып жатқан ғалымдар қатары көбеюде. Солардың бірі де бірегейі де деп айтуға болатын профессор Досмұхамед Кішібеков көзқарасына тоқталайық. Осы мәселеге қатысты профессор Д.К. Кішібеков «Мәдениет және өркениет» атты кітабында «Жылқы қазақ үшін тек көлік емес, сонымен қоса рухани жаңару мен байи түсу қайнары. Егер де көшпелілерде жоғары рухани құлшыныс, тәуелсіздік аса дамыса, ол жылқымен түсіндіріледі» [9, 168 б.].

Сонымен қоса профессор Д.К. Кішібековтің осы мәселелерге қатысты бірқатар еңбектері бар. Мәселен, «Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең», «Ұлттық идея және идеология» атты еңбектер. Ғалым «көшпенділер қоғамын» зерттеуде зор іс атқаруда. Профессор Д.К. Кішібековтің пайымдауынша, әрбір адамның ата-анасына, туған үйіне, туған жері және табиғатына деген генетикалық махаббат сезімі болады. Бұл сезім ақыл-парасат арқылы туған жер туралы идеяға ұласады [10, 16-17 бб.].

«Ұлттық идея – сана-сезіммен, тілмен байланысты ұлттық сезімнің сыртқы көрінісі. Ұлттық идея ұлттық сезімнің негізінде өрлейді. Ұлттық сезім адам жанының түкпірінде орналасады. Ұлттық сезім мәңгілік, өзгермейді, жоғалмайды» [70, 24-25 бб.]. Өзін-өзі тану деңгейінде адам өзінің белгілі бір этносқа, ұлтқа жататындығын сезінеді деп ой қорытады.

Өркениеттіліктің бір көрінісі болып табылатын жазба мәдениетіне қатысты А.Х. Қасымжанов мынадай пікір айтады: «Жазудың бар-жоғына келер болсақ, скиф жазбасына қатысты біздің деректеріміз жоқ. Мүмкін, отырықшы-жер өңдеуші аймақ Мауеранахрда өзінің жазба ошағы болған шығар. «Есік қорғанында» «Алтын адаммен» бірге әлі де мәтіні анықталмаған күміс ыдыс

табылған. Ең бірінші бір хандықтың аясына Батыс пен Шығысты біріктірген хандықты құрған түріктер өздерінен кейін тасқа қашалған құжат қалдырып кетті» [10, 15 б.].

Ал осы мәселеге қатысты профессор Д.К. Кішібеков өзінің «Мәдениет және өркениет» атты еңбегінде «Белгіден (тамга) жазуға дейін» деген тарауында жазудың барлығы көшпелілерде белгіден басталғанын айтады. «Белгіден даму екі бағытта жүрді. Бір жағынан, өмір салты, шаруашылық тәсілі көрініс тапқан ою пайда болды. Ою ұлттық сипатқа ие. Екінші жағынан, белгіні күрделендіру арқылы жүзеге асқан жеке рәміздер, сосын әріптер, жазу» [10, 168 б.].

Егер А.Х. Қасымжанов тастағы таңбаларды жазба мәдениетінің негізі ретінде қарастырса, Д.К. Кішібеков тастағы жазбаларды пиктография деп атап өтіп, белгілер жалпы жазуға негіз болғандығын көрсетіп кетеді.

Академик М.Қ. Қозыбаев «Ұлт және өркениет» атты кітабында «Көшпенділер өркениеті» деген ұғымды Ә. Марғұлан, К. Ақышев, К. Байпақов сияқты археолог ғалымдар көбірек пайдаланып келгенін айтады. «Көшпенділер қоғамы» деген мәтінді С. Толыбеков, Д. Кішібеков сияқты ғалымдар да кеңінен пайдаланды. Соңғы жылдары К. Байпақов, осы мақаланың авторы Еуразия сахарасында көшпенділер өркениетінің орнына Дала өркениеті деген ұғымды қолдануды орынды санайды» [11, 19 б.]. Академик М.Қ. Қозыбаев аталған еңбегінде «Ұлан-ғайыр далада өркениет орнатуға себеп болған факторлар қандай?» деген сауалға жан-жақты жауап береді. Сөзіміз дәлелді болу үшін мәтінді бере кеткенді жөн көрдік.

1. Ұлы Дала екі құрлықтың басын қосты. Ол Еуропа мен Азияның қақпасы, тоқсан тоғыз жолдың торабы.

2. IV мыңыншы жылдың аяқ шенінде адамдар даланың ең жүйрік аңы – жылқыны қолға үйретті. Ол адамның уақыт пен кеңістікті игерудің бастамасы болды. Одан әрі сайын дала Әму мен Сыр бойы арқылы қытай, парсы, үнді халықтары араб өркениеттерімен тоғысты.

Сыр мен Әмудария аралығында пайда болған Зердеш (зороастр) тәңірлік дүниетаным христиан, будда, ислам сияқты әлемдік діндердің өзекті қағидаларына негіз болды.

Дала перзенті ешбір шектелу дегенді білмеді. Оған креативтік эволюция тән еді.

Л.Н. Гумилев, т.б. зерттеушілер «көшпенділер» деген ұғымды абсолюттендіреді. Шын мәнінде, ұлы сахарадағы халықтың негізгі кәсібі мал бағу болғаны рас. Сонымен бірге ол егін де екті, қолөнерін де дамытты, қала да салды. Қ.И. Сәтбаев, М. Аджи, К. Ақышевтің және т.б. мағлұматтары бойынша түркілер кен өндірумен де айналысып, күнделікті өмір сүруінде кеңінен пайдаланып отырғаны айтылды.

Аң бейнелі өнер сымбаты (стилі) қалыптасты.

Сайын даладағы көшіп-қону, экологияны сақтау, ұрпақ тәрбиелеу, демографиялық үрдісті жолға қою, сал-серілік дәстүр сияқты дала этикасын, менталитетін орнатты [11, 19 б.].

М. Қозыбаев атап көрсететін тағы бір жайт – біздің өркениетіміздің өте ерте қалыптасып дамығаны және оның қала мен дала синтезі болғандығы. Ендеше кеңбайтақ даладағы өркениет мемлекеттің жабайы түрін емес, кемеліне жеткен түрі болғандығын тұжырымдатады.

Бұл мәселені қарастырғанда ғалымның мына тұжырымдарына көңіл бөлмесек, онда ол жіберіліп қойған үлкен олқылық болар еді. «Осы арада Дала өркениетінің әлемдік дамуға қосқан үлесінің аз емес екендігінде.

Тәңірлік дүниетанымды берді; Зердеш (зороастр) дінін таратты.

Металл қорытудың көне ордасы болды.

Төл жазуын ойлап тапты.

Жыл мезгілін маусымға бөліп, осы күнгі календарлық дүниетанымды қалыптастырды.

Әскери құрылымның далалық түрін жасады; әскери өнердің ғажайып түрлерін көрсетті.

Сәулет өнерінің өзіндік дәстүрін қалыптастырды (Айша Бибі, Алаша хан, Сырлытам, Қарахан, Жошыхан, Аяққамар, Жұбан, Болғанана; Ботаған мавзолейлері және т.б.).

Дала Гомерлері бай ауыз әдебиетін жасады. Сайын далада әуез өнері шарықтады. Қазақ хандығы тұсында бес мыңдай күй дүниеге келіпті.

Мемлекет басқарудың дала демократиясына сүйенген жүйесін жасады (бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ).

Шаруашылықтың негізі мал өсіру бола тұра, адам баласы ойлап тапқан басқа түрлерін дала перзенті қосалқы шаруашылық етті. Дала мен қала менталитетін будандастырды» [11, 28 б.]. Сол уақытта түркі әлемінің Тәңірлікті қолдағаны туралы Ардақ Нұрғали да атап өтеді: «Түрік халықтары бұдан бес-алты мың жыл бұрын айды, жұлдызды, күнді тәңір тұтқан. Осы құдіреттердің бәрі аспанда тұратындықтан сол шексіз кеңістікті де тәңір қатарында қадірлеп, Көк Тәңірі деп сыйынған» [11, 23 б.]. Осындай, еш күмән тудырмас дәлелді деректердің көмегі мәдени тарихты айқындап, болашақ жолды көрсетіп, нық кадам жасауға негіз етіп алуды анықтап берді.

Қазақ халқының рухани мол мұрасы, тарихы тереңге кететін қоры бар екендігіне бүгінгі таңда ешкім күмән келтіре алмайды. Оған негіз болған ізденістегі ғалымдардың орасан зор еңбектері. Қазақ мәдениетін зерттеп, ұлттық сарында сараптау жасап жүргендердің бірі әрі бірегейі, философия ғылымдарының докторы, профессор – Тұрсын Хафизұлы Ғабитов. Ол өзінің «Қазақстан өркениеті: өткені, бүгіні және ертеңі» атты мақаласында қазақ өркениеті – ежелгі көшпелі өркениеттерден бастау алатынын, кейін қазақ хандығы уақытында қалыптасқан, түркі-соғды, түркі-араб синтездері нәтижесінде исламдық суперөркениеттің құрамына енетін этномәдени бірлестік екендігін айтады. Бұл ұғымның қалыптасуына «Дала өркениеті» деген түсініктің маңызы зор болғандығын да көрсете кетеді. Профессор Т.Х. Ғабитов және өзге де зерттеушілер қазақтың ата-тектерінің әлемдік өркениеттілік дүниесіне қосқан басты құндылықтарына және оны дәлелдейтін таным түсініктеріне назар аударады. Мысалы: Еуразиялық көшпелілер кеңістікті игеруда адамзат тарихындағы бірінші болып жетістікке жетті

(К. Ясперс атап өткен жылқыны пайдалану). Номадалар адамдандырылған қоршаған ортаны кеңейтті, шөл мен шөлейттерді игере алды.

Еуразиялық көшпелілер тарих катализаторлары (М. Вебер) қызметін атқарды, олардағы миграциялық үдерістер жаңа өркениеттердің қалыптасуының себепшісі болды (Үнді, Иран; Ғұн мемлекеті, Араб халифаты, т.т.). Ұлы Жібек жолы және басқа да коммуникациялық жүйелер арқылы ілкі түркілер мен түркілер Батыс пен Шығыстың арасында дәнекерлік қызмет атқарды, олардың мәдени сұхбатына ықпал етті. Қазақтың арғы тектері әлемдік өркениеттіліктің шалбар, алдаспан, киіз үй, күйме, металл өңдеу, зергерлік, ұсталық, т.б. сияқты артефактыларын алғашқылардың бірі болып қалыптастырды әрі басқа елдерге таратты. Түркілердің әмбебапты дүниетанымдық жүйесі – тәңіршілдік, адамдық ынтымақтастық пен келісімділіктің маңызды формасы болды.

А.Х. Қасымжанов Кошо Цайдам ескерткіштері, яғни, Орхон-Енисей жазбалары қазақ халқының ұлттық өзіндік санасының қалыптасуына негіз болатындығын философиялық тұрғыдан қарастыра отырып дәлелдеуге тырысты. Өз еңбектерінде осы көненің көзі болып саналатын ескерткіштердің табылып, мәнінің ашылуы қазақ ұлтының бай мәдени мұраға ие екендігінің дәлелі болатындығын көрсетеді. «Кошо Цайдам ескерткіштері» еңбегінде қалың оқырман қауымға сырттай ғана саралау болмасын деп, тас мәтінін де бірге ұсынады. Профессор А.Х. Қасымжанов зерттеулерінің құндылығын «Мәдени мұра» бағдарламасының аясында жүзеге асқан жұмыстар дәлелдей түседі. И. Тасмағамбетовтің ұйымдастыруымен Орхон-Енисей жазбаларының тастағы көшірмесі Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті ғимаратынан орын алғанын білеміз. Осындай әрқилы әрекеттер профессор А.Х. Қасымжановтың ғылыми философиялық мұрасының маңыздылығын арттыра түседі.

#### **Әдебиет:**

1 Зотов В. Национальное самоопределение «вплоть до...» // Свободная мысль. – 1997. – №4. – С. 58-62.

2 Ақатай С. Қазақтың ұлттық менталитеті // Мәдениет – ұлттың болмысы. – Алматы, 1998. – 42-48 бб.

3 Ақатай С. О специфике культуры кочевья // Кочевники. Эстетика. Познание мира традиционным казахским искусством. – Алматы: Ғылым, 1993. – 264 с.

4 Ясперс К. Смысл и назначение истории. – М.: Республика. – 1991. – 527 с.

5 Бірінші Қасымжанов оқулары. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 466 б.

6 Гумилев Л.Н. Тысячелетие вокруг Каспия. – Баку: Азер.гос.изд-во, 1993. – 312 с.

7 Сerezкина Т.В. Культурологическая концепция Л.Н. Гумилева: автореф. канд. дисс.: 24.00.01. – Алматы, 2005. – 24 с.

8 Ғабитов Т.Х. Мәдениеттануға кіріспе: оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.

9 Кшибеков Д.К. Культура и цивилизация. – Алматы: Қарасай, 2009. – 223 с.

10 Кшибеков Д. Национальная идея и идеология. – Алматы, 2006. – 178 с.

11 Қозыбаев М.Қ. Өркениет және ұлт / Құраст.: З.М. Төленова; Ред.: М. Әкімжанов. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2001. – 369 б.